Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

СЕЙСЕНБІ,
8 ҚАРАША, 2022 жыл №124 (23 154)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Көмір – бар, күрмеулі түйін – тасымалда

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

**Қыстың қамы. Ауылдағы ағайын көкжиектен көтерілген әрбір шаңға еленде, «қара алтынды» қорабына толтырған «КамАЗ-дардың» жолын күтіп жүр.**

**Қарағандыдағы көмір тарату нүктелерінде ұзын-сонар кезек тұр. Жүргізушілер көлікте қонуға мәжбүр.**

**Әйтсе де, жергілікті билік «көмір жеткілікті» дейді...**

Бір ай бұрын Премьер-Министр Әлихан Смайылов көмірді онлайн тапсырыс арқылы алдыруға болатынын айтқан-ды. «Бұл тұтынушыларға қолайлы, өте жақсы цифрлық шешім. Үйден шықпай-ақ көмірге тапсырыс беруге болады. Жергілікті жерлерде тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет», – деді Үкімет басшысы. Бастама Қостанай облысында пилоттық жоба ретінде қолға алынды. Тиімділігін танытса, өзге өңірлерде де енгізілмек. Жаңалықтың өміршеңдігі – уақыт еншісінде. Қазіргі жағдайға келсек...

Қыркүйек айындағы Үкімет отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев кейбір өңірде халық тарапынан көмір сатып алу көрсеткіші өте төмен екенін айтты. Министр Алматы, Ақмола, Павлодар облыстарымен бірге Қарағандыны да атады.

– Халықтың отын қамдаудағы сылбырлығы алаңдатады. Разрездер мен қоймаларда қор жеткілікті. Мемлекеттік органдар да бағаны былтырғы межеде ұстап тұруға қатысты іс-шаралар жүргізді. Алайда, тұрмыстық отынның 31 пайызы ғана сатылды, – деді Қайырбек Айтбайұлы. Тиісінше, қыс түскенде сұраныс артуынан тапшылық туындауын қауіп етті.

Дегенмен, қазір «қара алтын» баршылық. Көмірлі өлке көмірге жарымаса, ұят, әрине. Аймақ билігі бұл мәселені қырағы қадағалап отыр.

Облыстың өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұсынған мәліметке сенсек, 27 мың тонна қор бар. Және былтырға қарағанда биыл өндіру көлемі артқан.

«Қаңтар-қыркүйек айларында облыста 15,6 миллион тонна көмір өндірілді. Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда өсім – 5 пайыз (2021 жылдың 9 айында – 14,8 миллион тонна). Тұрмыстық көмірді облыстағы 1 шахта мен 5 разрезден алуға болады. Облыстың қоймаларында 27 мың тонна көмір жатыр» делінген мәліметте.

Ел Шұбаркөл көміріне ынтық. Сапасы жоғары. Күлі – аз, қызуы – мол. Сұранысқа сай, сауда нүктелеріндегі қордың басым бөлігі де осы маркаға тиесілі. Бүгінде «Шұбаркөл көмір» АҚ тәулігіне 40 вагонды лық толтыра жөнелтіп отыр.

Қарағандыдағы нан-макарон комбинаты («ХМК») маңындағы теміржол тұйығы – облыстағы негізгі көмір тиеу нүктесі. Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл жерден күніне 60-150 жүк көлігіне көмір тиеледі.

Күн суытқан қазанның соңында мұндағы кезек те күрт көбейді. Қазір қатары ептеп селдірегенімен, жиырма шақты жүк көлігін санап шықтық. Кейбір жүргізушілер тәуліктеп те тұрады екен.

Мәселен, Бексұлтан Несіпбай үш жылдан бері көмір бизнесінде жүр. Қарқаралы ауданынан келіпті. Жұма түске таяу кезектің соңына іліккен ол сенбінің таңында қақпадан әрі өткен. Алайда, бар көмір Бексұлтанның көңілінен шықпапты.

– Қазір жатқан көмір майда. Біз тапсырыспен жұмыс істейтіндіктен тұтынушыға ұнайтын тауарды апарып беруіміз керек. Халық ірі көмір сұрайды. 20 тонна әкетемін. Жамбыл ауылына апарамын. Ауылда тоннасы – 24 мың теңгеден. Таңертең қайта кезекке тұрдым. Әлгінде ғана жаңа вагондар келді. Соны күтемін. Бүгін осында түнеймін, – дейді Бексұлтан.

Байқағанымыз, кезектің қарасын көбейтіп тұрғандар арасында Бексұлтан сияқты ірі көмірді күтіп тұрғандар баршылық.

2-бетте

● БӘРЕКЕЛДІ!

## Кемел актердің керемет жетістігі

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

**Еуропаның қақ төрінен ақжолтай хабар жетті. Түркияның Бұрса қаласында өтіп жатқан Түркі дүниесінің «Қорқыт ата» кинофестивалінде С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының белді актері, белгілі кино және театр артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов «Ең үздік ер адам рөлі үшін» номинациясымен марапатталды.**

Әлемнің түпкір-түпкірінен 50-ден астам түрлі көркем және деректі, анимациялық картина қатысып жатқан кинофестивалінен сүйінші жаңалықты Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, продюсер Қанат Төребай жеткізген.

Жерлесіміз Қайрат Кемалов белгілі жазушы Смағұл Елубайдың әйгілі «Ақ боз үй» романының желісі бойынша режиссер Бекарыс Елубай түсірген картинада басты кейіпкер – Пахраддиннің рөлін сомдаған еді. «Қазақтың Керей ханы» атанған Қайрат Кемалов пен картинаның шығармашылық тобын халықаралық кинобәйгеде жеткен жоғары марапаттарымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

С.Елубайдың «Ақ боз үй» романына XX ғасырдың 1920-1930 жылдарындағы халық басынан кешкен ауыр ахуал, ел жаппай аштыққа ұшыраған тарихи кезеңнің шындығы арқау болған. Фильм де «Ақ боз үй» деп аталады.

1995 жылдың қыркүйек айынан бері С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында жемісті еңбек етуде. Домбыра тартып, ән салады. Өлең оқуы бір бөлек. Бұл бағытта жеке кеш те берген. Сөздің құдіретін, киесін өне-бойымен, жан-жүрегімен сезіне алатын тәжірибелі актердің ойнаған әр рөлі тірі әрі табиғи. Бүгінде оның тәрбиесін алған көптеген шәкірті еліміздің түпкір-түпкірінде осы бағытта еңбек етіп жүр. Өнер бойына туған топырақтан ананың сүті, әкенің қанымен дарыған. Қандай сыйлыққа да лайық Қайрат Кемаловтың әлі қазақтың театр һәм кино өнеріне бергенінен берері мол екеніне бек сенеміз.

● СҮЙІНШІ

## Қарағандылық құсбегі – әлем чемпионы

**Абай облысында құсбегіліктен I Халықаралық әлем чемпионаты өтіп, жерлесіміз Таңат Оспанқұл баптаған ителгі бірінші орыннан көрінді.**

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат Үржар ауданында ұйымдастырылған. Оған алты шет мемлекет пен еліміздің түпкір-түпкірінен 100-ге тарта құсбегі қатысты. Олар Бүркіт, Қаршыға, Ителгі құстарын жарысқа қосты.

Таңат Талғатұлының айтуынша, чемпионат жоғары деңгейде өткен. Ителгі жарысы бойынша баптап-бәпестеген Самал атты сұңқар қолға қондыру кезеңінде үздік танылған. Келесі кезең – шырға тебу. Тепсінісі тегеурінді сұңқар ақтық сын қоянға салуда да қара үзіп, иесі арнайы диплом мен 700 000 теңгені қанжығалапты.

«Құсбегілік кейінгі кезде кенжелеп қалған ұлттық спорт түрі. Өз басым жүлдегер атанғаныма бек ризамын. Дегенмен, құсбегілікке мемлекет тарапынан жіті мән берілсе екен», – деген тілегін білдірді жеңімпаз.

● ROBOLAND – 2022

## Құлтемірдің құлағында ойнайтындар



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

**Кейінгі екі ғасырды салыстырып көріңізші! Арасы – жер мен көк. Жыл сайын білім сапасы артып, дамудың даңғыл жолына қол созып келеді. Оған бір дәлел – қазіргі жасөспірімдер. Олар іштен оқып туған жоқ. Керісінше, өздеріне берілген мүмкіндікті пайдалануда. Соның нәтижесінде бірнеше тіл білетін, түрлі техника мен технологияны жетік меңгерген ұрпақ өсіп келеді. Дарыны мен қабілеті ұштасқан жандарға мол мүкіндік беретін – Roboland – 2022 Халықаралық робототехникалық бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі еді. Биыл VII мәрте ұйымдастырылып жатқан фестивальге 300-ге жуық команда, 800-ден астам үміткер өтінім берген.**

4-бетте

Баспасөз – 2023

| Санаттар | Жеткізусіз | «Қазпошта» АҚ қала (теңге) | | «Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | | 6 ай | 5848,50 | 5919,00 |
| | | 12 ай | 11697,00 | 11838,00 |
| Жеке жазылушылар үшін | 12 айға 4116 | 6 ай | 3100,50 | 3111,00 |
| | | 12 ай | 6201,00 | 6222,00 |

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен )

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

| Санаты | Жеткізусіз | «Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша | «Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | | 10257,00 | 10470,00 |
| Жеке жазылушылар үшін | 3492 | 5577,00 | 5706,00 |

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы:

Назар аударыңыз!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

● ӨЗЕКТІ

# Мұражайда ескерткіш орнатылады

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Орталық Қазақстан»

**ҚарЛаг сұмдығының қандай болғанын шын сезіну үшін айуандықпен бетпе-бет келсе де жарқын күндерге сенімін жоғалтпастан, «бір күні атымыз аталғанда, рухымыз мәңгілікке тынышталар» деген сеніммен бақилық болған тұтқындардың «елесі» еңсені басқан дәліздер мен азаптау камераларын кезіп жүрген Долинкадағы мұражайды көру керек. Жетпей желкесі қиылған сәбилердің тым болмаса о дүниедегі алаңсыз ұйқысынан оятып алмайын дегендей, шыбын екеш шыбынның өзі ызыңдамай ұшатын «Мамочкина моласына» бару керек. Бәрі орынды. Бірақ, қазақстандықтардың да ҚарЛаг тұтқыны болғаны ұмытылып қалғандай. Себебі, сүйектері қайда қалғаны белгісіз екені өз алдына, тіпті, қайтыс болғандардың ұрпағы келіп, тәу ететін құлпытас түгіл, ескерткіш белгі де жоқ.**

Бірақ, бұл олқылықтың да орны толатын болады, сәтін салса. Заңгер Болат Сыздықовтың бастамасымен облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов, сондай-ақ, қоғам белсенділері Сәкен Келдібаев, Аңғар Смағұл ҚарЛаг-та қайтыс болғандарға ескерткіш тақта орнату мәселесін талқылап, Долинка кентінде болып қайтты.

Болат Кенелұлына алғаш ой тастаған қызылжарлық Болат Сағындықов екен. Оның да әкесі Мағаз Сағындықов репрессияға ұшырап, хат-хабар жазу құқығынсыз он жылға сотталып, кейін Қарағанды шахталарының бірінде 1943 жылы қыркүйекте қаза тапқан. Болат Мағазұлы 2005 жылы Қызылжарда қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің ашылуына да, 2012 жылы сегіз мыңға жуық адамның ұрпақтары мен туыстары келіп, еске алып тұратын «Қаралы қабырғаны» орнатуда да қажырлықпен талай табалдырықты тоздыра жүріп қол жеткізген адам. Мұндай белгінің Қазақстанның өзге өңірлерінде жоқ екенін де айту керек.

Қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау жөніндегі облыстық «Память» қорының төрағасы ретінде Болат Мағазұлының бастамасымен Солтүстік Қазақстан облысында қуғынданған 8 мыңға жуық адамның тізімі жасалып, «Ақталған есімдер» деген қазақ-орыс тілдеріндегі жинақ та шығарылғанын айту керек. Әкесінің қай жерде қайтыс болғанын жазған хаты да Бас прокуратураға жолданып, олар Қарағанды облыстық прокурорына және облыс әкімдігіне хат жіберіп әзер анықтаған.

– «Менің әкем бу болып аспанға ұшып, су болып жерге сіңіп кеткен жоқ қой. Қайда жерленгенін айтыңыздаршы» деп жүргенде, Долинкадағы түрмеде қырылған жандарды көмген төмпешіктерді тауып, соның бірінде әкемнің жатқанын көрсетті. Онда да нақты емес, қаптаған қалың төмпешіктің бірі ғана, – деп есіне алады Болат Сағындықов. Сол кезде «әкемнің қайда жатқанын тауып бере алмассыңдар. Менің әкемнен басқа мыңдаған адам қырылды. Соларға арнайы белгі неге қоймайсыңдар? Мен өзім көмектесейін» деп, Болат Сыздықовқа шыққан.

– Бастама – өте дұрыс. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға монументальдық кешен керек екені біраздан бері қозғалып келеді, оның үстіне, халықтың да тілегі – осы. Біздің бүгінгі Долинка кентіне келудегі басты мақсатымыз – «Ескерткіш тақтаны қай жерге орнату керек?» деген ой болды. Біріншіден, ол нақты тарихи орында болуы керек, сонымен қатар, бұқара халық келгенде тағзым етуге ыңғайлы жер болғаны дұрыс. Сондықтан, мұражайға қарама-қарсы тұрған алаңды ыңғайлы деп таптық. Орын бар. Ендігі қадамымыз – ескерткіш тақтаның нобайына республикалық конкурс жариялап, ең дұрысын жүзеге асырып, осы жерге орнату. Бастамамызды келесі жылдың 31 мамырына дейін орнатуға үлгерсек, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов.

Кездесу барысында түрлі ойлар айтылды. Мұражай директоры Светлана Байнова да бастама көтергендердің ұсыныс-пікірін қолдап отыр. Себебі, келушілер мұражайдан шығып, ескерткіш тақтаны да көре алады. Әрі тұрған жері де қолайлы. Сондай-ақ, әуелде есімі белгілі болған құрбандардың аты ойылып жазылады да, орын қалдырылады. Яғни, бастапқы қалпымен шектеліп қалмай, кейін де белгілі болғандардың аттары жазылып отырылады.

Осы мәселе алғаш көтерілгенде Светлана Байнова тұрғындардың естеліктері бойынша, қайтыс болған тұтқындар жаппай жерленген жерде де болғандарын айтады. Бірақ, үнемі су басатын аймақ болғандықтан, ол жерге ескерткіш тақта қою ыңғайсыз әрі барудың өзі қиындық тудырады екен.

Жұмыстың нобайы талқыланды. Ербол Шымкентбайұлы құзырлы органдарға нақты тапсырма беретінін айтты. Ендігі мәселе облыс әкімі Жеңіс Қасымбекпен бірге талқыланатын болады.

«Биліктің оң райынан үміттіміз. Халықтың қолдауына, азаматтардың көмегіне, жасампаз ұсыныстарға мұқтажбыз» дейді Болат Сыздықов.

**P.S.** *ҚарЛаг тұтқындарының бірі – «Күн нұры түсіп жиі алдан, тар дәлізінде түрменің. Кел, тұрғызайық қиялдан, армандағыдай үй, керім…» деп жақсылықтан үміт етсе, бірі – жаны қиналғанда «қарғыс атқан Қарағанды» деп жазды. Шынында, Қарағандының Қарағанды болуына тұтқындардың еңбегі сіңгені рас. Ендеше, Болат Сыздықов басы-қасында жүрген бұл іс сәтін салып, қаза болғандардың аты-жөні жазылған ескерткіш тақта бой көтерер болса, жазықсыз жапа шеккендердің алдындағы өтеу сол болмақ.*

● САЙЛАУ – 2022

# Саяси науқанның жаңа кезеңі



**Бұл сайлау бұрынғыдан өзгерек. Осы сайлау Ата Заңға енгізілген өзгерістерге байланысты президентті тек бір мерзімге сайлаймыз. Мұны саяси науқанның жаңа кезеңі деп айтуға негіз бар.**

Жеті жыл – көп уақыт. Сәйкесінше, жоспарлауға, жүзеге асыруға, орындалысын, бақылауға, нәтижеге жетуге уақыт жеткілікті. Нақты реформаларды жүзеге асыруға қолайлы мерзім. Бұл сайлау дамудың даңғыл жолындағы бірден-бір міндет.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді. Алдағы сайлауға бір кісідей атсалысу көзі ашық, көкірегі ояу әр азаматтың міндеті. Ортақ істе мүмкіндігімізді дұрыс пайдалансақ қана мақсатымызға жетеміз. Сонда ғана азаматтардың әл-ауқаты артып, тұрмысы жақсарады, экономикамыз жаңарып, саяси жүйеміз жаңғырады. Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың бірлігі мен тұтастығы – реформалардың ойдағыдай жүзеге асуының басты кепілі.

Сайлау – таңдау жасаудан бұрын, азаматтық құқықтық қатынасты жүзеге асыратын мүмкіншілік. Еліміздің басты құндылығы – адам және оның өмірі, азаматтардың өзін қауіпсіз сезінуі десек, сайлаудың маңыздылығы, тіпті, арта түседі. «Таңдау» жоқ деп отырмай, сайлауға қатысып, дауыс беру керек. Қазақстанның болашағы Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың елім деп соғатын жүрегінің үні деп санаймын.

Егеменді Еліміз бар, Тәуелсіз Мемлекетіміз бар. Отанымыздың еңселі ертеңі, одан әрі көркеюі мен гүлденуі өз қолымызда, ертеңгі болашағымызды таңдауға жақсы мүмкіндік туып тұр.

Олай болса әркімнің дауысы маңызды!

Президенттік сайлауға белсенді қатысайық! Әділетті Қазақстан үшін өз таңдауымызды жасайық!

**Ниқанбай ОМАРХАНОВ,**
**облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, мемлекеттік қызмет ардагері**

● КЕЗДЕСУ

# Жарқын жастық – баянды болашақ

**Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің «Еліңнің болашағын білгің келсе, жастарыңды көрсет...» деген сөзі бар. Еліміздің санасы сергек, жаңа технологияларды меңгерген білімді жастары біздің болашағымыз. Облыстағы белсенді ұл-қыздармен облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов кездесті.**

**Сағыныш ӘБІЛ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің базасында жастар қауымымен өткен мәнді шараға белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Жастық шағың – жарқын жаздың бейнесі, құтты жаздың ала алсаң, жоқ бермесі», – деп Сәбит Мұқанов атамыз айтқандай, кез келген саланы еркін меңгеріп, кез келген бәсекеге тегеурінмен төтеп беріп жүрген жалындаған облыс жастарымен «Тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан менің үлесім» тақырыбында келелі әңгіме өрбіді. Жігерлі жастардың басын қосқан шараның мақсаты – өз саласында биік белестерді бағындырған табысты қазақстандықтарды таныстырып, жетістігін жария ету арқылы өңір жастарын ынталандыру, білімкке ынталы, білімге құмар жастар арасындағы ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету кездесудің өзегі болды.

Шараға қатысушылар Тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек ету, табысты әрі абыройлы қызмет жасау, жан-жақты дамыған тұлғаның жетістікке жету жолындағы тәжірибесі жайлы тұшымды ойларын айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік жобаларды іске асыруда өңір жастарын ынталандыру, өңірде жастарды қолдауға арналған бастамаларға жаңа ұсыныстар әзірлеу, ҚХА институтының жастардың өзекті әлеуметтік міндеттерін шешуге қатысуын көрсету, ақпараттық өрісте «Бірлігіміз әр алуандықта» тезисін бекіту, өңір жастарының дағдылары мен құзыреттерін арттыру секілді өзекті мәселелер айтылды.

Спикер ретінде елімізге танымал ғалымдар, қоғам қайраткерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері және түрлі қызмет саласында жетістікке жеткен жастар қоғамдастығының көшбасшылары да өз ойын ортаға салды. Олар табыс тарихын баяндап, жеке тәжірибесі жайлы айтты, өз кезегінде жастар да түрлі сұрақ қойып, ашық пікір алмасты.

Іс-шара соңында Қазақстан халқы Ассамблеясынан белсенді мүшелеріне қоғамдық келісімді нығайту ісіне қосқан үлесі үшін арнайы Алғыс хаттар табысталды.

● АҢДАТПА

## Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов сұрақтарға жауап береді

Egov.kz порталында «Ашық диалог» бөлімінде 9 қараша күні сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әліқұловпен интернет-конференция өтеді. Онлайн-кездесудің тақырыбы – «Білім беру саласының өзекті мәселелері».

Спикерге сұрақ қою үшін электрондық цифрлық қолтаңба қажет.

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

# Көмір – бар, күрмеулі түйін – тасымалда

«Крылов» ЖК директоры Владимир Крылов «көмірдің ірі-ұсақ болуы – разрезден тиелуіне байланысты» дейді: «Бүгін 60-тан астам жүк көлігін жөнелттік. Күніне 7-28 вагон келеді. Біреуінде – 69 тонна. 2 мың тонна шамасында қор жиналды. Көмір тиеуге 4 техника жұмылдырылған. Кезек аздығынан екі таразының біреуі ғана істеп тұр. Егер, көлік көбейсе, екеуін де іске қосамыз. Кезекті ретке келтірдік. Жүргізуші уақыты көрсетілген талон алады. Сол талон бойынша кіреді. Кіріп, көмірді алмай кететіндер де бар. Олар алыпсатар болғандықтан тауардың тартымды көрінгенін қалайды. Әйтсе де, көмірдің ірі немесе ұсақ болуын реттеу – біздің қолымызда емес».

Шұбаркөл көмірінің тоннасы – 11850 теңге. Бұл, тек, осы жердегі баға. Үстінен 10 мың теңге төлесеңіз, қала ішінде де жеткізіп береді. Ал, сыртқа шыққанда, ауылдарға жеткенше құны еселеп өсетіні сөзсіз. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ақпаратына сүйенсек, Шұбаркөл разрезіндегі көмір бағасы – 6160 теңге. Қалған сома – делдалдың қосқаны.

Қарқаралылық **Бексұлтан Несіпбай** «КамАЗ-да» түнеді

Мәселен, Ақтоғай ауданының орталығындағы базаларда Шұбаркөл көмірінің тоннасы – 25 мың теңге болса, Кузнецкий көмірі 21 мың теңгеден бағаланады.

– Аудан орталығында тұрғындарды көмірмен «Нұртазин» және «Қасымбеков» жеке кәсіпкерліктері қамтып отыр. Бұл базалар Шұбаркөл және Кузнецкий көмірлерін сатады. «Қасымбеков» базасына аптасына 40-60 тонна көмір келсе, «Нұртазин» базасы 160-240 тоннамен толығып отыр. Бұдан бөлек, көмір тасымалымен айналысатын бірнеше кәсіпкер бар. Сұраныс зор. Өйткені, аудан басынан бөлек, жақын маңдағы 7 ауыл да осы базалардың қызметіне жүгінеді, – дейді Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаев.

Аудан орталығынан ең шалғай жатқан Айыртас ауылындағы бағада өзгеріс жоқ. Ауыл тұрғыны Бауыржан Аманқұловтың айтуынша, алыпсатарлар көмір тоннасын былтырғыдай 22-25 мың теңгеден саудалауда.

Облыстың солтүстігінде көмірдің сәл арзандағанын байқаймыз. Нұра ауданында Шұбаркөл көмірінің тоннасы 18-24 мың теңге аралығында тұр. Бағаның төмендігін разрездің жақындығымен байланыстырдық.

– Ауданда үш негізгі нүктеде көмір сатылады. «Диқан» ЖШС «шұбаркөлді» сұрпына қарай 18-24 мың теңгеден, «кузнецкийді» – 12 мың теңгеден, «борлыны» 10 мың теңгеден өткізуде. «Майкүбіні» тапсырысқа қарай әкеледі. «Ермоленко» ЖК «шұбаркөлді» – 18-24 мың теңгеден, «борлыны» 12 мыңға ұстап отыр. «Бурулдаев» ЖК тек «шұбаркөлді» сатады. Бағасы тоннасына – 18-22 мың теңге, – дейді Нұра ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Нұржан Оралбаев.

Ауданда 24 мыңға жуық адам тұрады. Бір қысқа қажет көмір – 48 мың тонна. Жұма сайын ауданға 700-900 тонна көмір жеткізілуде.

Түйгеніміз, облыста көмір жеткілікті. Мәселе – тасымалда. Осы шаруаны ширатсақ, мұртымызды балта шаппайтыны анық.

«Қыс шанаңды жаз сайла» деген тәмсілді де ұдайы қаперде ұстағанымыз жөн-ау. Жергілікті билік пен көмір бизнесіндегі азаматтар да тұрғындарға отынды ерте қамдауға кеңес береді. Қытымыр қараша екі аяқты бір етікке тыққанда көмір табу да қиын екенін ауылдағы ағайын ертеден біледі...

Суреттерді түсірген
**Руслан ҚАЛИ**

● РАМАЗАН САҒЫМБЕКҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

*Рамазан Сағымбекұлы – қазақ журналистикасы тарихының жазылуына, зерттелуіне, дамуына сүбелі үлес қосқан соқталы тұлға. 1974-1982 жылдары «Орталық Қазақстан» газетінің Бас редакторы болып, басылымды жаңа деңгейге көтеріп, «Редакторлардың редакторы» атанған өз ісінің шебері. Оның қаламынан туған зерттеу еңбектер бұқаралық ақпарат саласының мамандарына мол мағлұмат беретінімен құнды. Терең ойлы мақалалары әлі күнге мәнін жойған жоқ. Туғанына 90 жыл толуына орай, журналистің көзін көріп, тәлімін алған экономист Марат Жүкібайдың «Ақпарат саласының ақтаңгері» мақаласын назарыңызға ұсынып отырмыз. Қарқаралыдан шығып қазағына қаламымен қызмет еткен тұлғаның ісі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болады деп сенеміз.*

***Редакциядан***

# Ақпарат саласының ақтаңгері

**Рамазан Сағымбекұлы – 1932 жылы 9 қарашада Қарқаралы ауданы, Қайнарбұлақ селолық округінде туған. Бұл қазіргі Жамбыл селолық округіндегі мекен. Ағасы Армия екеуі ата-анадан жастай жетім қалып, әкесінің апасы Мәрия деген кісінің қолында тәрбиеленген. Ашаршылық, жоқшылық және соғыстан кейінгі тұрмыс ауыртпашылығын бастан өткереді. Алыс қыстақтан жаяулап-жалпылап жүріп мектепке барып, оқудан қол үзбеген. Өмірге құштарлығының арқасында қатарынан қалмай, ат жалын тартып мінді. Қарқаралы педучилищесінен білім алып, ауыл мұғалімі болды. Міндетті әскер қатарында азаматтық борышын адал атқарып елге оралды.**

Содан кейін, Рахаң Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, сол жылы үйленді. Бұл мағлұматтар Рауза әпкеммен әңгімелескеннен кейінгі ой түйінділерім.

Мен Рахаңмен, 1960 жылдың шілде айында Алматыға жоғары оқу орнына түсуге барғанда таныстым. Рауза апай екеуінің сол мезгілде үйлену тойына қатысып, осыдан кейін ағалы-інідей қарым-қатынаста, тату-тәтті 40 жылға жуық өмір кештік. Рахаң маған «ҚазМУ-дің филология факультетіне құжаттарыңды тапсыр, өзім оқуға түсуіңе қамқорлық жасаймын» деді. Мен Қарқаралыда үш жыл материалдық салада экономист болып қызмет етуіме байланысты сол мамандықты жоғары дәрежеде жалғастыру үшін ҚазМУ-дің экономика факультетіне түскім келетінін айттым.

Рахаң Шығыс Қазақстан «Коммунизм туы» облыстық газетінің Бас редакторы Бейсенғали Тәйкімановтың шақыруымен қызметке орналасып, отбасымен Өскемен қаласына көшті. Онда газет тілшісі, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. ЖОО-ның бітіруге тақағанымда олар Алматыға қайтып оралды. Қазақ радиосына Бас редактор болды.

Мен студенттік кезде нағашы апам Әнуар мен Хамит жездемнің үйінде жатып оқыдым да, Рахаңдар келген соң үйленгенге дейін олардың жалдамалы пәтерінде тұрдым.

Рахаңның өмір тәжірибесі мол болғандықтан, әрқашан өкшесін басып келе жатқан жастарға деген қамқорлығы мен ілтипат, назары ерекше болатын. Бірде, «Академияның экономика институтында қызмет етіп жүргенде маған институт басшылары Алматының 7 шағын ауданындағы Жас ғалымдар жатақханасынан бір «бөлме» берді. Бірақ, мен «пәтер» аламын деп кезекте тұрғандықтан жаңағы бөлмеден бас тарттым» – деп Рахаңа айттым. «Оның дұрыс болмаған, «үйдің» қашан дайын болатыны белгісіз, ал сен осылай жүре бересің бе, ертең үйленесің, сонда «пәтер» жалдап тұрасың ба? Тәңертең барып бөлмеңді алғаның дұрыс» деді. Айта кету керек, сол кезде Рахаң жанұясымен «кірпіш заводтарының» жанынан 3 бөлмелі «пәтер» жалдап тұратын. Жатақханаға жатпасаң, автобуспен жүру көп уақыт алады десең, құлып салып қой да, үйде тұра бер, – деді.

Біз Рахилаш екеуіміз отау құрғанда Рахаң Мәскеуде Орталық Комитеттің жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясында оқып жүрген болатын. Үйлену тойымызға келе алмайтынын білдіріп, бірден екі телеграмма (түрлі-түсті) жіберіпті. Бірі – әке-шешемізді жастардың үйлену тойымен құттықтап, екіншісі – бізді отбасы құруымызбен құттықтаған. (соңғысы қоса тіркеліп отыр). Бұл жездеміздің алыс жерде жүрсе де, бізге деген зор сүйіспеншілігі, шын ықыласы еді.

Ал, мен 3 бөлмелі пәтерді институт бітірген соң 6 жылдан кейін алдым. Айта кететін жайт, Рахаң осы үйде өзінің кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін дос-жолдастарының бастарын қосып, той жасады.

Р.Сағымбеков Алматыға көшіп келгеннен кейінгі ғұмырын өмір айнасы – баспасөзге, жаңалық жаршысы – радиоға арнады. Осы саланы зерттей келе университеттің журналистика, радио хабарларын тарату және телевизия кафедрасында жемісті еңбегінен қол үзбей атқарып, ғылыми жұмыспен айналысып, «Қазақ радиосының тарихы» туралы Республика көлемінде тұңғыш ғылыми еңбек жазып шықты.

«Отызында орда бұзған,

Қырқында қамал алар» демекші, ол 1973 жылы 29 маусымда Алматы қаласы, Қазақ ССР Ғылым Академиясы Қоғамдық ғылым бөлімінің тарих ғылымдары ғылыми кеңесі отырысында «Қазақ радиосының құрылуы және дамуы» туралы тақырыпта диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты болды. Диссертацияның тақырыбын Мәскеуде СОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясында оқып жүрген кезінде бекіттіріп алған.

Бұл ғылыми еңбектен Қазақ радиосының өткені мен бүгінгі өмірлік фактілерін салыстыру арқылы бұлжымас тұжырым жасағанын әрі қазақ радиожурналистикасы тарихын зерттеуде игі іс атқарғанын көреміз. Ғылыми жетекшісі – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Александр Воробьев. Бірінші ресми оппоненті тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Кенжебаев, екінші ресми оппоненті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жауынбай Амантаев. Кандидаттық диссертацияны қорғауға қабылданғандағы жетекші ұйым – Алматы мемлекеттік Шет тілдер институты СОКП кафедрасы.

Рахаң дарынды ғалым-ұстаз, журналист, публицист-жазушы, белгілі қоғам қайраткері, өте еңбекқор арқалы азамат еді. Ол кісі кешкісін жұмыстан келген соң жазу машинкасында еңбек ету үстінде болатын. Бірде маған «сен қазақ тілінде мақала жазып, радио-телидидарда сөйлеп жүрсің, енді жеке ғылыми кітапшалар шығарудан бастау керек» деді.

– Оны жазар едім, бірақ қазақша бастыру қиынға түседі, – дедім.

– Сен сөзді қой, жазып әкел өзім машинкадан басып беремін, – деді.

Сонымен, алғашқы қазақ тілінде жазған ғылыми кітапшамды, көлемі 3 баспа табақ жұмысты Рахаң өзі басып, дайындап берді. Бұл «Еңбек өнімділігі» жөніндегі кітапшаны ғылыми жетекшім, академик С.Бәйішев «Қазақстан» баспасының жоспарына енгізіп, 1974 жылы Алматыда шықты. Бұған дейін орыс тілінде 5-6 баспа табақ ғылыми еңбегім жарық көрген.

Рахаң ғылыми жұмысымен қатар, педагогтік қызметін де ойдағыдай жалғастырып, ҚазМУ-дің журналистика факультетінде дәріс беріп, ұлағатты ұстаздық қызмет атқарып жүрген кезінде бірнеше кітабы жарық көрді. Атап айтсақ, «Қазақстан» баспасынан 1979 жылы қаңтарда шыққан 9 баспа табақ «Алматыдан сөйлеп тұрмыз» монографиясы қазақ радиосының кешегісі мен бүгінгісі жайында көп мағлұмат беретін еңбек. Әрі бұл автордың көп жылдар тынбай ізденіп, сарыла істеген еңбегінің жемісі. Кітап журналистика факультетінің студенттері мен радиожурналистерге арналып қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек екендігін ескерсек, оның студенттер мен магистранттардың қолынан тастамайтын оқулыққа айналғандығының сыры ашылады.

Оның көркем әдебиеттегі аудармалары бір төбе. Белгілі ғалым В.Обручевтің «Плутония» романын тәржімалағанын айта кеткен жөн. Өйткені, бұл кітап қазақ тілінде оқитын әрі түсінетін жастар үшін ғылыми-фантастикалық, танымдық тұрғыдан аса бағалы еңбек. Аударма жұмысына сонау Қарқаралы газетінде жұмыс істеп жүрген кезінде-ақ, араласа бастаған Рамазан Сағымбекұлы көзі тірісінде республикаға танымал тәжірибелі тәржімашы деп танылғанын ғалым-жазушылар мойындайды.

1974 жылдың жазында Рамазан Сағымбеков «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болып тағайындалып, редакция ұжымының шығармашылық ізденісіне тың өзгерістер енгізді. Рахаңның ұйымдастырушылық, қайраткерлік қабілетінің молдығы, адамдармен тіл табыса білетіндігі «Орталық Қазақстан» газетін 10 жылға жуық басқарған кезінде ерекше көзге түсті. Соның нәтижесінде, облыстық газет бірнеше рет республикалық конкурстың жеңімпазы атанды. Осы орайда талапшыл, жаңашыл редактор редакция басшылығының төңірегіне ізденгіш публицист-журналистерді топтастыра білді. Көптеген жас журналиске қамқор болды. Мұның ішінде, Алматы жоғары партия мектебінде менен экономика пәнінен дәріс алған журналистика бөлімінің тыңдаушылары Самат Жүнісов, Аман Жанғозин, Тілеуқабыл Байтұрсын, Мейрам Сағымбеков және тағы басқаларының бар екенін айта кеткен жөн.

Рахаңмен арадағы туыстық жақындық әрқашанда творчестволық қарым-қатынасқа ұласатын. Жездеміз маған Қарағанды және Қарқаралыдан хат жазып, телефон соғып жағдайды біліп отыратын. Мен 1975 жылдан бастап еліміздің облыстарының көпшілігінде «Экономикалық проблемаларға» байланысты командировкаларға барып дәріс оқып жүрдім. Бірде Қарағанды, Жезқазған облыстарына барып, «Қазақстан экономикасының 60 жылдағы дамуы» туралы оқыған лекциямды Рахаң газетке жариялауымды сұрады. Мінеки, сол жылдардан бастап, 2006 жылға дейін экономиканың күрделі тақырыптарымен қатар, революционер – жерлесіміз Н.Нұрмақовтың өмірі мен қызметі жөніндегі очеркім де (14.01.1990) осы «Орталық Қазақстан» газеті бетінде жарияланды.

Р.Сағымбековтің 1980 жылдардың аяғында «Қарқаралы» деп аталатын әдеби-көркем, тарихи-публицистикалық журналдың алғашқы редакторы әрі шығарушысы болғаны республика көлемінде белгілі. Журналдың тұңғыш саны 1991 жылғы наурыздан бастап шықты.

Зейнеткерлікке шыққан соң Қарқаралы қаласына жанұясымен көшіп барған болатын.

Сырқаттанып жүрсе де, өмірінің соңына дейін, өзі құрған «Қарқаралы» тарихи-өлкетану және мәдени рухани журналын шығарып тұрды. Онда Республикаға белгілі үлкен тұлғалардың бейнесі мен өмір жолдары, халыққа жасаған зор қызметтері анық көрсетілді.

Арқалы азамат, дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз, белгілі публицист, қоғам қайраткері Рамазан Сағымбеков жездеміз бар ғұмырын баспасөзге арнаған қарымды қаламгер. Бір сөзбен айтқан «Тұлға» деуге тұрарлық арда азамат. Ол өмірден озғаннан кейін, туған жері Қайнарбұлақ ауылындағы Аппаз орта мектебіне Рамазан Сағымбековтің есімі берілуіне байланысты 2000 жылдың 11 қарашасында салтанатты рәсімге облыс, аудан басшыларымен қатар, Алматыдан келген жазушылар Ғ.Қабышұлы мен У.Қыдырханұлы және осы жолдардың авторы да қатысқан еді.

Апа-жездеміз – отбасына өте жауапты қарайтын жандар. Гүлнар мен Жанар атты екі бала өсірді: Гүлнар әке жолының бір саласын таңдап, тарих мамандығы бойынша медициналық колледжде сабақ береді, ұжымына сыйлы әрі біліктілігі жоғары педагог. Рауза апамыз Рахаңның жоқтығын білдірмей, шаңырағын биікке көтеріп, ұстап отыр. Әрқашан барлық ағайын туыстарына, бауырларына зор адамгершілік танытып, қамқорлық көрсетіп, жақсылық жағдай жасауда.

Биыл қараша айында ерте есейіп, ерте өскен, өз халқына аянбай еңбек еткен аяулы жездеміз тірі болса 90 жасқа толар еді. Дарынды ғалым-ұстаз, журналист, қарымды қаламгер, білікті басшы – Рамазан Сағымбекұлының ерен еңбегі туралы нақты деректерді қағаз бетіне түсіріп, жұртшылыққа жеткізуді парызым деп санадым.

**Марат ЖҮКІБАЙ,**
**зейнеткер**

**АСТАНА**

## Еске алу

Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауылының тумасы, ардақты да қадірлі, құрметті де кеңпейілді, жүрегі шуақ шашып тұратын, алтындай әпкеміз, асыл жар, аяулы ана **Жанна ӘСКЕРҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 13 қараша күні 40 күн толады.

Аққөңіл адал едің аңқылдаған,
Ешқашан адам көңілін қалдырмаған.
Әкетті тосын ажал арамыздан,
Жүрегіңде кетті-ау, арман айтылмаған.
Адал едің өлімге қимайтұғын,
Ағайын, дос-жарандар сыйлайтұғын.
Өмірден өттің ерте өзекті өртеп,
Иманың жолдас болсын мәңгі саған.

Еске алушылар: анасы – **Рымкеш, жолдасы, апа-жездесі, бауырлары- келіні, күйеубала-сіңлілері, балалары.**

**P.S. Жанна Әскерқызы Амангельдиеваның 40 күндік асы 2022 жылдың 13 қараша күні сағат 14.00-де Қарағанды қаласы, Бытовая 18/1, «Жансая» мейрамханасында өткізілетінін хабарлаймыз.**

№739.

## Еске алу

Шынайы достықты түсіне білген, жақсылыққа жетелейтін, кеңес беретін досымыз **Жанна ӘСКЕРҚЫЗЫНЫҢ** өмір керуенімен бақиға аттанғанына 40 күнге жақындап қалыпты. Жаннаның адамгершілік асыл қасиеттері, өнегелі істері, ұйымдастырушылық қабілеті, абырой-беделі жора-жолдастарына үлгі еді. Ақжарқын бейнең, өр тұлғаң, жібектей мінезің көзден кеткенмен, көңілімізде мәңгі жүреді. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, Алла Тағала жұмақтың төрінен орын берсін.

Еске алушы достары: **Жанат-Мақсат, Шолпан-Ертай, Лайля-Совет, Қымбат-Арман.**

№734.

● КОНКУРС

# Білім бәсекесінің биігінен көрінді

**Қарағанды облысында IT-сала бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы өңірлік кәсіптік шеберлік байқауының қорытындысы шықты.**

**Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға қатысушылардың алдында виртуалды компания үшін сайт пен логотип әзірлеу міндеті тұрды. Олар өздеріне жүктелген міндетті ерекше ынтамен атқарып, өнерлерін бәсекеге қабілетті етіп ортаға салды.

I орынды Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Маргарита Костюченко жеңіп алды.

– Байқау үш кезеңнен тұрды. 7 сағат ішінде компанияның логотипін векторлық форматта әзірлеу, компанияның фирмалық стилін гайдлайн түрінде жасау, сондай-ақ, көрсетілген өлшемшарттар бойынша бір беттік сайттың макетін әзірлеу қажет болды, – дейді Маргарита Костюченко.

Ал, II орынды «Қазақмыс» Корпорациясы политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Роза Жұматаева иеленді.

Үздік үштікті Теміртау жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Абай Өмірбаев түйіндеді.

Жеңімпаздар мен қатысушылар Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен және сертификаттарымен марапатталды.

Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының бұрынғы басшысы Ғалым Әбиханұлы Әшімовке орны толмас ауыр қаза анасы

**Шайда Смайылқызы ӘШІМОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ауыл шаруашылығының үздігі, әріптесіміз, досымыз

**Тұрар АХМЕТЧИННІҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына көңіл айтамыз.

**Омарханов Н., Аймақов С., Апақашов С., Ахметов М., Токмурзин Б.**

№741.

Common Market Corporation компаниясының ұжымы компанияның бас директоры Қайрат Базарбайұлы Махметовке анасы

**Шапия АСЫЛХАНҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№740.

● БАЙҚАУ

# Мәңгілікке ұласқан Мәди мұрасы

**Қарағандыдағы «Шалқыма» концерт залында Мәди Бәпиұлы атындағы V республикалық дәстүрлі әншілер байқауы өтті. 3 күнге созылған ауқымды ән додасына еліміздің әр тарабынан 40-қа жуық үміткер қатысып, бақ сынасты.**

**Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сарыжайлау» кинотеатрында өткен ашылу салтанатына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова бастаған дәстүрлі ән өнерінің саңлақтары, зиялы қауым өкілдері һәм қала тұрғындары қатысты.

Үш жылда бір рет өтетін байқаудың мақсаты – өскелең ұрпақтың дәстүрлі әнін орындаудағы шеберлігін арттыру.

Мәди Бәпиұлы – әнші, композитор, халықтық өнерді жете меңгерген қазақ ән өнерінің бөлек құбылысы. Мәдидің шығармашылық мұрасы толық жиналмаған. Халық жадында сақталған әндері әлі күнге сыр-сымбатын жоғалтқан жоқ. Композитордың жан-дүниені баурайтын сұлу әндері халық арасында жиі орындалып жүр және Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Шіркін-ай», «Мәди», «Қыз Жібек» операларында қолданылған. А.Жұбановтың, А.Бектасовтың зерттеулері, Ә.Әбішевтің «Найзағай» романы Мәдидің өмірі мен шығармашылығына арналған.

Қазақстанның халық артисі Қайрат Байбосынов төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жақсыгелді Кемалов, Ғалым Мұхамедин, Ардақ Исатаева, Талғат Ыдырысов болды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар үздіктерді анықтады.

Байқау қорытындысында барлық кезеңнен сүрінбей өтіп, қатарластарынан оқ бойы озық келген Мұратхан Диас (Алматы) Бас жүлдені жеңіп алды.

Ал, I орын Ұзақбай Нұрболатқа (Алматы), II орын Алмагүл Қаратаева (Астана) мен Сатыбалды Мағжанға (Алматы), III орын Аманжол Әділжан (Алматы) мен Қалелбек Арманбекке (Астана), Айдос Саниязбекұлына (Алматы) бұйырды. Қали Байжанов атындағы арнайы сыйлық Ерхұланбек Ерханатқа (Астана), Мейірхан Адамбеков атындағы арнайы сыйлық Мейірхан Нұржанға (Астана), Қарқаралы өңірінің арнайы сыйлығы Шерхан Тұяққа (Астана) берілді.

Жүлдегерлерге байқау дипломдары мен қаржылай сыйлық табыс етілді.

Ауқымды іс-шараның соңы конкурс жеңімпаздары һәм қазылар алқасы мүшелерінің қатысумен гала-концертке ұласты.

Қазақ ән өнерінің майталманы Мәди мұрасы халқымыздың игілігіне, рухани байлығына айналып үлгерді. Осындай қасиетті мұраны ұрпақтан-ұрпаққа насихаттау – ортақ парыз.

# Құлтемірдің құлағында ойнайтындар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталмыш байқау облыстық білім басқармасының мұрындық болуымен өтті. Қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай 16 аталымда бақ сынады. Фестивальдің ашылу салтанатына оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев, облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов қатысып, көпшілікке жылы лебізін білдірді.

– Бұл шараның маңыздылығын айтпасақ та түсінікті. XXI ғасырда бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеу үшін міндетті түрде оны кішкентайынан баулу қажет. Соның ішінде, робототехника – баланың қабілетін дамытып, ой-өрісін кеңейтуге көп үлесін қосады. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің қолдауымен жүзеге асқан бұл форумның Қарағандыда өтуі – үлкен мәртебе. Әрі Халықаралық деңгейде ұйымдастырылуы – еліміз үшін абырой. Бірнеше жылдың ішінде қатысушылардың көп жиналғаны мені қатты қуантып отыр. Бұл дегеніміз – заманауи, машық, білімді ұрпақтың өсіп келе жатқандығының бірден-бір дәлелі. Ал, біз сондай жастарға қолдау көрсетіп, демеу болайық, – деді вице-министр.

Жарысқа қатысушылардың қатарында ұшатын, суда жүзетін, жүгіретін және сумо күресіне арнайы құрастырылған роботтар бар. Олар түрлі конструктормен құрастырылып, түрлі пішінде жасалған. Сонымен қатар, биылғы турнирде «Теңге алу» және «Биатлон» бағыты енгізілген.

– Қарап отырсаңыз, робот ойындарына әр ел өзіне тән ұлттық ойындарын енгізіп қойған. Олар сол арқылы ұлттық өнерін дәріптеп жүр. Ал, біз неге ұлттық ойындарды осылардың қатарына енгізбеске? Сол себепті, биыл бірінші рет «Теңге алу» және «Биатлон» санатын қостық. Осы арқылы біз өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына ұлттық ойындарымызды сіңіріп өсіреміз. Фестивальді алғаш рет 2015 жылы өткізгенімізде 5 аталым ғана болған. Содан бері қатысушылардың саны артып, Италия, Польша, Сингапур сынды мемлекеттерден келе бастады. Жалпы, бұл байқау тек роботтарды құрап, бір-бірімен жарыстыру мақсатында ұйымдастырылмаған. Робототехника саласының ішінде көптеген пән кірістірілген. Мысалы, «сумо» күресіне робот құрастыру – физика пәні. «Робогеометрия» бағыты – геометрия пәніне тікелей қатысты. Сондықтан, жастарды тек робототехника саласына ғана емес, пәнді тереңдете оқуға ынталандырады, – деді облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары Есбол Аринов.

Қырғызстандық 17 жасар Ринат Советханов биыл байқауға екінші рет қатысып отыр. Ол «Шығармашылық» бағытта бақ сынап, жүлделі II орынға ие болды. Оның TED есімді жұмсақ ойыншығы фельдшерлік қызмет көрсетеді екен. Қазір Ринат протез, инновациялық жылыжайдың жобаларымен айналысып, әлемдік байқауларда бағын сынап жүр.

– Мен басқалар секілді робот құрастырмадым. TED жұмсақ ойыншығын алып, бағдарлама орнаттым. Қазір ол адамның жүрек қағысын, дене қызуын, қан қысымы мен ағзадағы оттегі деңгейін анықтайды. Біз TED-ті құрастырғанда әр түлі датчиктің басын біріктірдік. Қызметіне жүгінсеңіз қажет батырманы басасыз. Алдағы уақытта TED-ті сөйлетсек пе дейміз. Бішкекте «Инфракрасный датчигін» таба алмадық. Яғни, ол құрылғы адамның дене қызуын өлшейтін дүние. Еріксіз датчикті таппаған соң пирометрді бұзып, соның датчигін пайдаландық. Барлық датчикті жинаған соң өзіміз бағдарлама енгіздік. Әзірге бұл бастамасы ғана. Алдағы уақыттар роботтың атқаратын қызметін күшейтіп, әр ауруханаға қойғымыз келеді, – дейді.

Жамбыл облысы Меркі ауданынан қатысқан Бекболат Бақтиярұлы мен Нұркен Шәпен байқауға «Аватар» деп ат қойған 4 робот пен 1 танкіні алып келіпті. Олар да «шығармашылық» бағытта өнер көрсетіп, шоу бағдарлама әзірлеген. Әуен қойып, роботтың түймесін бассаңыз, ырғақпен әрі бірінен-бірі қалмай билейді.

– «Шығармашылық» бағыт болған соң, шоу көрсетейік деп шештік. Роботтарды құрастырып, жеке-жеке бағдарлама орнаттық. Сөйтіп, ұялы телефонмен бәрін бірге басқаратындай жасадық. Басында роботтарға бағдарлама орнатып, іске қосқанымызда аяққа тұрмай қайта-қайта құлай берді. Ойлана келе «аяқтарының орнына дөңгелек орнатайық» деп ұйғардық. «Джим» роботын алдыңғы қатарға, қалған үшеуін екінші қатарға қойдық. Алдыңғы қатардағы – әншінің, қалғандары – бишінің қызметін атқарады. Соңғы қатардағы, үшеуінде бір датчик. Сол себепті, олар бірге қимылдайды. Сонымен қатар, өрт сөндіруші танкті де осы байқауға алып келдік. Біз таулы аймақта тұрамыз. Өрт те жиі болады. Сол себепті, өрттің алдын алу үшін осы дүниемізді қатар алып келдік, – деді Бекболат Бақтиярұлы.

Өрт сөндіруші танктің қызметі – бір басқа. Алдында су бүріккіш ретінде медициналық бұйым (спринцовка) орнатқан. Белгілі бір аймақта от тұтатсаңыз, танкке автоматты түрде сигнал түседі. Сол сигнал арқылы танк жанып жатқан оттың тұсына келіп су бүркеді.

– Өрт сөндіретін танкті құрастыру қиынға соқты. Себебі, мұнда процесті орындайтын алты мотор тұр. Біреуі су бүркетін бөлігіне жауап берсе, біреуі – қозғалысына. Қалғандарының да атқаратын жұмысы бар. Мотордан бөлек, біршама датчигі де бар. Ол датчиктің бірі – сигналға жауап береді. Оттың жанып жатқаны жайында және басқа да осындай дүниелерден хабар беретін сигнал дадчиктер бар. Осының бәрін бір жерге жалғау біршама уақытымызды алды, – деді Нұркен Шәпен.

Байқаудағы тағы бір ерекше робот «ғеғ» наборлы конструкторы арқылы құрастырылған – күйші робот. Жасалуы күрделі, әрі бірнеше мотордан тұратын бұл роботтың атқаратын қызметі – күй шерту.

– Әзірге робот бір ғана күй шертеді. Домбыраны қыстырып, құрылғыларды сабына ұқыппен қою қажет. Әрі қарай бағдарлама арқылы батырманы басасыз. Бізде осы роботты құрастыру кезінде конструктор және басқа да қажет құрылғылардан тапшылық болған жоқ. Бәрі жылдам табыла қалды. Ең қиыны – роботты бағдарламалау болды. Робот – дөңгелекті. Жүруі үшін оған бөлек мотор қойдық. Ноталарды басу үшін астыңғы қатарға – 4, үстіңгі қатарға – 2 «сервопривод» орнаттық. Одан бөлек, домбыраны шерту үшін 3 тілді айналатын құрылғы тақтық. Және, роботтың қолына жеке мотор бекітілді. Робот күй шертіп болған соң домбырасын жоғары көтеріп, алдында тұрған адамға апарып береді. Соның бәрін бағдарламаға енгізу кезінде көп қиындық болды. Енгізген бағдарлама кішкене бір қателіктің кесірінен қайта-қайта жойылып кете берді. Алдағы уақытта робот бір емес, бірнеше күй шерте алатындай жасаймыз. Бірақ, ол оңай шаруа емес. Қазір роботтағы жүйеде – орын жоқ. Сондықтан, бұның жүйесін ауыстыру қажет. Болмаса, жаңа жүйемен басқа робот құрастырып шығарамыз, – деді Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Темірлан Еділ.

● КӘСІПҚОЙ БОКС

# Абылайхан ерледі

**Қарағандылық боксшы Абылайхан Жүсіпов бұған дейін екі кездесу өткізіп, екеуін де мерзімінен бұрын аяқтаған. Бұл жолы американдық Де Маркуса Лэйтонамен (8-4-1, 5 КО) жұдырықтасып, оны да ерте аяқтады.**

Кездесу Миннеаполис қаласындағы бокс кешінде өткен. Алты раундқа жоспарланған ұрыс техникалық нокаутпен жерлесіміздің пайдасына шешілген. Гонг даусы шығысымен қазақстандық боксшы алаң ортасын бермеді. Ал, «Қорғана жүріп шабуыл жасаймын» деген американдықтың жоспары іске аспады. Жерлесіміз раунд басталғаннан оң қолымен соққыны қарша боратты. Бірі – басқа, бірі – ішке кезек тиген соққыларына да төтеп бере алмады қарсылас. Амалсыз төреші де бойды тоқтатты.

Осы жекпе-жектен кейін көпшілік бұл кездесуді «Жекпе-жек тағдырын шешкен 25 соққы» деп атап кетті.

● ФУТБОЛ

# «Астана» – ел чемпионы

**Футболдан ел чемпионаты аяқталды. Соңғы шешуші мачта «Астана» құрамасы сырт алаңда қарағандылық «Шахтермен» ойнап, 2:3 есебімен елордалықтардың пайдасына шешілді. Осылайша, «Астана» құрамасы 53 ұпай иеленіп, ел чемпионы атанды.**

Алғашқы таймнан-ақ астаналықтар басымдыққа ие болды. 17-ші минутта қарсыластар бұрыштама добын орындау барысында алаң иелері сапынан Джордже Кошич айып алаңында ереже бұзды. Айып добын орындаған Марин Томасовтың соққысын қақпашы Игорь Трофимец қайтарып тастады.

Дегенмен, астаналықтар шабуылын тоқтатпады. 27-ші минутта «шахтерлік» Александр Позняк айып алаңында ереже бұзып, қарсыластарына 11 метрлік айып добын орындауға мүмкіндік беріп қойды. Бұл жолы айып добын орындаған Педру Эужениу мүлт кетпеді. Есеп – 0:1.

Араға 10 минут салып қарсыластар есепті еселеді. Гол авторы – Марин Томасов. 43-ші минутта жерлестеріміз гол салып, есеп алшақтығын қысқартты. Гол авторы – Темур Чогадзе. Үзілістен кейін елордалықтар шабуылын қайта үдетті. Нәтижесінде, 61-ші минутта Марин Томасов қақпашыдан айласын асырып, есепті 1:3-ке жеткізді.

Бұдан кейін жерлестер 81-ші минутта екінші голды салды. Евгений Кобзарь өзіне асырылған пасты қақпаға бағыттап, шабуылды сәтті орындады. Осылайша, жерлестер «астаналықтардан» 1 гол айырмашылығымен ұтылып, турнир кестесінде VII орынға табан тіреді. Ал, елордалықтардан 1 ұпай айырмашылығымен «Ақтөбе» клубы – II орында. III орында – «Тобыл» командасы 47 ұпаймен.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

# Қарағандылықтар үздік атанды

**Қарағандыда ұлдар мен қыздар арасында (2009-2010 ж.т.) жеңілатлетикалық төртсайыстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вера Карпованы еске алуға арналған XVII турнир өтті. Оған әр өңірден 20 команда қатысып, бақ сынасты.**

Төртсайыс бағдарламасы бойынша жарысқа қатысушылар 60 метрге жүгіріп, ұзындыққа, биіктікке секірді. Соңында кросс жүгіріп ұпай санын еншіледі.

Екі күнге созылған турнир қорытындысы бойынша Қарағанды қаласының жеңіл атлетикадан олимпиадалық резервтің балалар мен жасөспірімдердің облыстық мамандандырылған мектебінің командасы жалпыкомандалық есепте I орын иеленді.

**Дайындаған**
**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz Таралымы 6 230 Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің
Бас редакторының орынбасары
**Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ**

Бас редактор
**Ерсін Кәрібайұлы МҰСАБЕК**

Интернет-редакция редакторы
**Ілияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ**

Жауапты хатшы
**Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сарань, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

**Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.**

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген.
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
**№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.**
**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№124 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**

Кезекші редактор
**Жәлел ШАЛҚАР**